



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ПСЕВДОПСИХОЛОГТАРҒА ТЫҚЫР ТАЯНДЫ



Қазақстанда психологиялық қызметке деген сұраныс соңғы жылдары айтарлықтай артты. Бұл – қоғамдағы әлеуметтік күйзелістердің көбейіп, өмір ырғағының жылдамдауы және адамдардың психологиялық саулыққа деген көзқарасының өзгеруінің тікелей көрінісі.

(Жалғасы 3-бетте)

ПӘРМЕН

Алматы қаласы Әділет департаменті зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде әлемге танымал брендтердің тауар белгілерін заңсыз пайдалануды анықтау және оның жолын кесу бойынша іс-шаралар жүргізді.

ЖҮЗДЕГЕН КОНТРАФАКТИЛІК ӨНІМ ТӘРКІЛЕНДІ

Алматы қаласы Полиция департаментінің (Киберполиция) жүргізген тексеруі барысында «Nesquik» тауар белгісін заңсыз пайдалану фактісі анықталды. Құқық бұзушылар қала аумағында танымал тауар белгісімен ұқсас белгілерді заңсыз пайдалану арқылы өнімдер жасаған. Нәтижесінде заңсыз айналымнан жалпы құны 4 миллион теңгеден асатын 2000-нан астам заңсыз өнім тәркіленді. Сондай-ақ Алматы қаласындағы жоспардан тыс тексеру шеңберінде «Louis Vuitton» тауар белгісін заңсыз пайдалану фактілері де анықталды. Шара барысында өнімдер сапасының төмен екені және заңнама талаптарын бұза отырып сатылғаны

белгілі болды. Заңсыз айналымдағы жүздеген контрафактілік өнім тәркіленді.

Анықталған құқықбұзушылықтар бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылып, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту үшін материалдар сотқа жолданды.

Әділет органдары жүргізіп отырған жұмыс – адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге, құқық иеленушілердің құқықтарын қорғауға және контрафактілік әрі әлеуеті қауіпті өнімдер айналымының алдын алуға бағытталған.

Т.ИБАШЕВА,
«Заң газеті»



ОҢ ҚАДАМ

ОТАНДЫҚ КӨЛІКТЕРДІ ӨНДІРУДЕ ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ

Қазақстанда 2025 жылы автомобиль өнеркәсібі саласы өз тарихындағы рекордтық көрсеткішті (12,9%) тіркеді. Бұл автокөлік өндірісінің 17,5 пайызға, өзге де көлік құралдарының 3,8 пайызға, ауыл шаруашылығы техникасының 18,1 пайызға ұлғаюының нәтижесінде жүзеге асты.



Былтыр автомобиль өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны 62,2 пайызға өсіп, 11 153-ке жетті. Сондай-ақ автокөлік өнеркәсібі машина жасау саласының 41,7 пайызын, өңдеу өнеркәсібінің 8 пайызын құрады. Өндірістік көрсеткіш машина жасауда биыл 12,9-дан 13,4 пайызға дейін өседі деген болжам бар.

Ал саланың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 16 млрд теңгені құрады. Бұл ретте инвестициялардың өсуі электр жабдыктарын өндіруде де байқалады. Былтыр машина жасау саласына салынған инвестициялар 30 пайызға артып, 376,6 млрд теңгеге жеткен болатын.

1 наурыздағы жағдай бойынша машина жасау секторында 4 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейді. Жыл соңына дейін онда 3,5 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 25 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Былтыр машина жасау саласында өндіріс көлемі ақшалай мәнде 18 пайызға артып, 5,7 трлн теңгеге жетті. 1 жылдың ішінде 40 өндіріс орны іске қосылып, 656 млрд теңге инвестиция тартылды және 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылды.

Қазақстан автомобиль одағының мәліметі бойынша, былтыр елімізде 171 144 автокөлік шығарылды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 17,8 пайызға жоғары. Оның 158 944-ін жеңіл автомобиль, 12 200-ін коммерциялық техника құрады. Ал өндірушілер арасында ең көп өнімді Қостанай мен Алматы облысындағы кәсіпорындар шығарды. Атап айтқанда, Қостанай Allur автомобиль зауыты 92100 көлік, ал Hyundai Trans Kazakhstan 52 040 жеңіл көлік шығарды. Сондай-ақ жаңадан ашылған Astana Motors Manufacturing Kazakhstan зауыты 15 180, Kia Qazaqstan 2 885 көлік шығарды.

(Жалғасы 2-бетте)

4-БЕТ



Ғылымға
серпін берген
онкүндік

6-БЕТ



Қадағалаудан
тыс қалған бала
қылмысқа бейім


8-БЕТ



Сайтан
аулаушылар

ОҢ ҚАДАМ

**ОТАНДЫҚ КӨЛІКТЕРДІ
ӨНДІРУДЕ ҚАРҚЫН ЖОҒАРЫ**



(Соңы. Басы 1-бетте)

Негізгі капиталға салынған инвестициялар саланың өсуіне айтарлықтай үлес қосты. Ол қолданыстағы өндірісті жаңғыртуға, жаңа өндіріс орындарын іске қосуға және автомобиль компоненттерінің түрін кеңейтуге қолданылуда.

Қазақстан машина жасаушыларының XIII форумының аясында өткен «Kazakhstan Machinery Fair 2026» халықаралық мамандандырылған көрмесінде отандық өндірушілер Премьер-Министр Олжас Бектеновке өз жобаларын таныстырды. Мәселен, AGROMASH зауыты John Deere, Lovol, Deutz-Fahr, Amazon және тағы да басқа танымал брендтердің астық жинайтын комбайндарын, тракторларын шығарады. Былтыр мұнда өндіріс 20 пайызға артып, жалпы құны 90 млрд теңгеден асатын 2 мыңнан астам ауыл шаруашылығы техникасы шығарылды. Техника ішкі нарықта сатылуда, соның ішінде фермерлер үшін жылдық 5% мөлшерлеменен жеңілдетілген шарттарда беріледі. Өткен айда Қазақстанға тағы үш танымал бренд – Väderstad, DeWulf және Linstar тартылғаны хабарланды.

KARLSKRONA LC AB компаниясы халықаралық технологиялық серіктестің қатысуымен шығарылатын сорғы жабдығын локализациялады 70 пайызға дейін жеткізу бойынша жұмысты бастады. Зауыт электротехникалық және блок-модульдік жабдықтар шығарады, олар мұнай, тау-кен және атом өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында, ЖКХ және басқа да салаларда қолданылады.

Allur Қостанай қаласында аумағы 30 мың м² болатын Локализация орталығын ашуға дайындалуда. Бұл өнімнің барлық түрлерін: сымдар мен құрылымдық элементтерден бастап автомобильдердің ішкі бөліктеріне дейін шығара оты-

рып, автомобиль компоненттерінің толыққанды кластерін құруды қамтамасыз етеді. Орталықтың қуаты – жылына 60 мың жиынтыққа дейін жетеді. Сонымен қатар ел ішінде сынақ базасын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жаңа өндірісті іске қосу 800 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

QazTechna жыл сайын көлік, тау-кен және өнеркәсіп кәсіпорындары үшін 1500-ден астам автобус пен коммерциялық техника шығарады. Шағын торапты құрастыру әдісімен автобустардың 5 моделін шығару игерілді. Аумағы 40 мың м²-ден асатын зауытта жүк автомобилдеріне арналған кабиналарды дәнекерлеу желісі жұмыс істейді. Бұдан бөлек, техника үшін компоненттік база өндірісіне іске қосу жоспарлануда.

Атырау вагон жасау зауытында өзінің конструкторлық бюросы бар толық өндірістік цикл қалыптасты. Кәсіпорын мұнай өнімдері мен сұйытылған газды тасымалдауға арналған жартылай вагондар, контейнерлік платформалар мен цистерналар шығарады. Инвестициялық жобаның қуаттылығы – жылына 8 мың вагонға дейін жетеді. Барлық желілерді толық іске қосу 3,5 мың жоғары білікті жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз етеді.

KamLitKZ ЖШС Қостанай қаласында жылына 45 мың тоннаға дейін өнім өндіретін шойын құю зауытын іске қосты. Редукторлар шығаратын кәсіпорынды іске қосу, кейіннен өнімді ТМД және Еуропалық Одақ елдеріне экспорттай отырып, жетектеуші көпір аркалықтарын өндіруді локализациялауды ұлғайту жоспарланып отыр.

Е.ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»

АУЫЗ СУ

ӘРБІР ҮЙДЕ - ТАЗА СУ

Мемлекет басшысы 2021 жылғы жолдауында: «Ондаған жыл бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Сондықтан, Өңірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықты 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет» деген еді.

Өйткені халықтың таза ауыз суға қолжетімділігін қамтамасыз ету тұрғындардың денсаулығын жақсартып, әлеуметтік тұрмыстық жағдайын көтерудің басты көрсеткіші. Сол себепті Алматы облысында да бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ.

Тұрғындарының 81 пайызы ауылдық жерде тұратын өңірде халықтың таза ауыз суға қолжетімділігі жыл басында 99,4 пайызды құрады. Мәселен, Іле ауданы Мұхаметжан Түймебаев ауылындағы мыңнан астам үй осы уақытқа дейін суды 35 метрге жететін ұңғымалардан алатын. Оның өзі ішуге жарамсыз болатын. Сондықтан мұнда құны 1,4 млрд теңге болатын жоба бойынша 21,5 шақырым су құбыры тартылып, 2 резервуар мен 220 метр тереңдікке жететін 2 артезиандық ұңғыма, зертхана салынған. Онда су 2025 жылдың тамыз айынан беріле бастағанмен, құрылыс-монтаждау жұмысы қараша айында ғана аяқталған еді.

Іле аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы



бөлімінің басшысы Ғазиз Алтайұлының айтуынша, 2025 жылы Іле ауданында ауызсу жүйесінің 55,2 шақырымы жаңадан салынып, 10 шақырымы жаңартылған. Сонымен қатар Ащыбұлақ ауылдық округіне қарасты Көкқайнар ауылында да ауызсу жүйелерін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған. Жобаға сәйкес 22 шақырым су құбыры жүргізіліп, 1,1 мыңнан астам үй орталықтандырылған сумен қамтылатын болады.

Сол сияқты Қарасай ауданы Іргелі ауылдық округіне қарасты Кемертоған ауылында қазіргі таңда 12 мыңнан астам

тұрғын мен 3 200-ден астам үй бар. Солтүстік бағытта жаңа тұрғын үйлердің қарқынды салынуы инженерлік желілерді жаңғыртуды талап етеді. Өйткені бұрын бұл аудандарда коммуналдық инфрақұрылым болмаған. Жоба бойынша мұн-

да екі су алу ұңғымасын бұрғылау, сондай-ақ әрқайсысы 1,4 мың текше метр көлемінде екі таза су резервуарын салу және жалпы ұзындығы 185 шақырымдай болатын су құбыры желілерін салу қарастырылған. Бұл жер учаскелеріне сапалы ауыз суды жеткізуге мүмкіндік береді. Сметалық құжаттама – 4,8 млрд теңге. Бүгінгі таңда құрылыс жұмысын бастауға 1 млрд 438 млн теңге қаражат бөлінген.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

Құқықтық мемлекетте азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау басты құндылықтың бірі болып саналады. Осы бағытта елімізде қабылданып, қолданысқа енгізілген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы жария-құқықтық қатынастарды реттеудің жаңа сапалы кезеңін қалыптастырды.

**ЗАҢДЫЛЫҚ –
ӘКІМШІЛІК ЖҮЙЕНІҢ НЕГІЗІ**

Аталған кодекс әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын айқындап, мемлекеттік басқару жүйесінде әділдік пен ашықтықты қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық тетіктерді бекітті. Әкімшілік рәсім – бұл мемлекеттік органның нақты бір жеке немесе заңды тұлғаға қатысты шешім қабылдау процесі. Мұндай рәсімдер барысында заңдылық қағидаты басты орын алады. Мемлекеттік орган әрбір әрекетін қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып жүзеге асыруға міндетті. Өкілеттіктен тыс шешім қабылдау немесе заң талаптарын елеулеу азаматтар құқығының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан заңдылық – бүкіл әкімшілік жүйенің негізі. Әділдік пен теңдік қағидаты да әкімшілік рәсімдердің маңызды өзегі болып табылады. Барлық тұлғалар заң алдында тең және мемлекеттік орган шешім қабылдау кезінде ешкімге артықшылық бермеуі тиіс. Бұл қағидат азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттырып, құқықтық мәдениетті қалыптастырады.

Сонымен қатар құқықтық тұрақтылық пен сенім білдіру қағидаты ерекше мәнге ие. Егер азамат мемлекеттік органның әрекетіне сеніп, белгілі бір құқықтық жағдай қалыптастырса, кейіннен бұл сенім негізсіз бұзылмауы тиіс. Әкімшілік рәсімдерде пропорционалдық қағидаты да сақталуы қажет. Қабылданатын шешім көзделген мақсатқа сай болуы, азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шамадан тыс шектемеуі тиіс. Яғни, мемлекеттік ықпал ету шаралары қажетті әрі жеткілікті деңгейде қолданылуы керек.

Азаматтың тыңдалу құқығы – демократиялық құқықтық мемлекеттің маңызды көрінісі. Шешім қабылданар алдында тұлғаға өз уәж-

дерін айтуға, дәлелдерін ұсынуға мүмкіндік берілуі әділдіктің кепілі болып саналады. Бұл әкімшілік орган мен азамат арасындағы теңгерімді қамтамасыз етеді.

Әкімшілік сот ісін жүргізу қағидаттары да азаматтардың құқықтарын қорғауда ерекше рөл атқарады. Әкімшілік соттар мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне қатысты дауларды қарай отырып, билік пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтайды. Бұл салада соттың белсенді рөлі айқын көрінеді. Сот тек тараптардың ұсынған дәлелдерімен шектелмей, істің барлық мән-жайын жан-жақты және толық зерттеуге міндетті.

Маңызды қағидаттардың бірі – дәлелдеу ауыртпалығының мемлекеттік органға жүктелуі. Егер азамат мемлекеттік органның шешіміне шағымдана, сол шешімнің заңдылығын дәлелдеу міндеті мемлекеттік органның өзіне тиесілі. Бұл тетік азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, билік органдарының жауапкершілігін арттырады. Сот талқылауының ашықтығы мен жариялылығы қоғам сенімін нығайтады.

Қорытындылай келе, әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттары – азаматтар құқығын қорғаудың нақты кепілі әрі мемлекеттік басқарудың сапасын арттырудың маңызды құралы. Бұл қағидаттардың сақталуы заң үстемдігін нығайтып, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенімді бекемдейді. Әкімшілік әділет институтының тиімді қызметі – әділ қоғам қалыптастыру жолындағы мақсатты қадам болып табылады.

М.САРСЕНОВ,
Бәйдібек аудандық сотының төрағасы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

2026 ЖЫЛ - ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

**ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ ОТАНДЫҚ СОТТЫ
ЖАҢА БИІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Биылғы жылды Цифрандыру және жасанды интеллект жылы деп жариялады. Себебі, мемлекеттің даму жоспары әлемнің даму үдерісінен тыс қалмауы керек.

Ал бүгінде біз үлгі тұтатын зайырлы мемлекеттер өз жұмысын цифрлық технология мен жасанды интеллект арқылы жаңғыртуға басымдық беруде. Сондықтан, Қазақстанның да барлық саланы цифрландырып, жұмыстарды жетілдіруге жасанды интеллект мүмкіндіктерін пайдалануы қалыпты үрдіс.

Шын мәнінде жаңа технология – кез келген елдің өркеніетке жетуінің өлшемі. Мұны сот саласының өткені мен бүгінгіне көз салып, салыстыру арқылы да байқауға болады. Жаңа технология отандық сотты жаңа биікке көтерді. Мемлекеттік қызмет саласында цифрлық үрдісті күнделікті жұмысына қолдануға шешуші қадам жасағандардың басында да сот құрылымы тұр.

Осы тұстағы алғашқы талпыныстар сот ғимараттарын толықтай бейнежазу құрылғыларымен жабдықтап, сот процестерін дыбыс-бейне таспаға жазудан басталғаны есімде. Сот істерін судьяларға автоматты түрде бөлу, арыздар мен құжаттарды электронды қабалдауға қатысты жаңашылдыққа сенбегендер көп болды. Алайда уақыт бәрін өз орнына қойды. Соттың сауатты бағдар, сапалы жоспар құрып, сындарлы жұмыс жүргізуінің арқасында мақсатты істер діттеген межеден табылып жатты.

Мәселен азаматтарға талап арызы мен сұраныстарларнайы келіп, сот қызметкерлеріне қолма-қол тапсыру сенімді көрінетін. Ал «Сот кабинеті» сервисі арқылы құжат жолдау

цифрлық технологиядан сауаты аз азаматтарға қиын көрінгені шындық. Алайда бұл сервисің өзін-өзі ақтап, халықтың тиімді құралына айналғанын байқау қиын емес. Бүгінде сотқа жолданатын талап арыздар мен материалдардың басым бөлігі осы «Сот кабинеті» арқылы түседі. Осы арқылы тұтынушылардың сотқа келіп кетуге жұмсайтын уақыты үнемделеді, жолға жұмсайтын қаржысы қалтасында қалады. Ұзын-сонар кезекте тұрып, көптеген анықтама, құжаттарды жинау әуресінен де халықты құтқарған осы «Сот кабинеті» болатын.

Сот процестерінің таспаға жазылуы, сот отырысына шетелде, шалғай ауылдарда жүріп катысуға мүмкіндіктің жасалуы да істердің жылдам, созбаланға салынбай қаралуына жол ашты. Бұл үрдіс кейіннен онлайн сот отырыстарын өткізуге негіз қалап, тіпті дүние жүзі коронавирус инфекциясымен күресіп, жұмысын ақсатып алғанда, қазақстандық сот қалыпты режимде қызмет етіп, сот істерін өз уақытында онлайн қарауға қолжеткізді. Бүкіл халық Астанадан еш кедергісіз қадағалаған «Бишімбаев соты» да, Талдықорғандағы сот залына халықты онлайн жинаған «Шерзат ісі» де отандық соттың жаңа технологияны қаншалықты шебер меңгергенін көрсетсе керек.

Ал Президент бағдар еткен цифрландыру жылында осы басталған істерді ары қарай жандандыруға, жаңа технология жетістіктері мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін мейлінше пайдалануға басымдық берілуі. Бүгінде цифрлық



Диас ТҮРДАҚЫН,
Алматы қаласы
Наурызбай аудандық
соты әкімшісінің басшысы

трансформация мемлекеттік аппараттың, соның ішінде сот жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды. Бұл бағыттағы ізденіс азаматтардың сот ісіне қатысуын айтарлықтай жеңілдетті, сот жұмысының ашықтығын арттырды және сот шешімдерінің бірыңғай дерекқорын қалыптастыруға ықпал етті. Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект сот жұмысындағы ыңғайлылық пен тиімділікті ғана емес, сонымен қатар бюрократияны азайтуға және құқықтық мәдениетті күшейтуге қызмет етпек.

Қазіргі кезде сот шешімдерін әзірлеуге көмектесетін роботтық көмекшілер, сот тәжірибесіне арналған цифрлық аналитикалық қызметтер, іс нәтижелерін болжауға көмектесетін бағдарламаларды жетілдіру бойынша ізденістер қолға алынууда. Мұның бәрі халық пен сотты жақындатып, елдің әділдік пен тура төрелікке деген оң көзқарасын қалыптастырады.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҒЫРЫБЫ

ПСЕВДОПСИХОЛОГТАРҒА ТЫҚЫР ТАЯНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда бұл маңызды сала осы уақытқа дейін нақты құқықтық реттеусіз қалып келді. Соның салдарынан Қазақстанда кез келген адам өзін «психолог» деп таныстырып, қызмет көрсете алатын болды. Арнайы білімі, кәсіби дайындығы немесе жауапкершілік тетігі болмаса да, бұл салаға кіруге ешқандай нақты шектеу жоқ. Мұның салдары да жеңіл емес. Сапасыз көрсетілген психологиялық көмек адамның жағдайын жақсартудың орнына, оны одан әрі ушықтыруы мүмкін. Ең қауіптісі – адамдардың кәсіби психологиялық көмекке деген сенімін жоғалтады. Бүгінде осы келеңсіздікті жою мақсатында маңызды қадам жасалуда. Осы сәрсенбіде өткен Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары бастамашы болған «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралып, екінші оқылымда пысықталуға жіберілді.

Құжатты қорғаған депутат Анар Мысырәлимованың айтуынша, жаңа заң жобасының басты мақсаты – психологиялық көмек саласындағы ретсіздікті жолға салып, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Бұл тек заң жобасы ғана емес, ең алдымен қоғамның қауіпсіздік пен сапа талаптарына берген жауабы. Психологиялық көмек – бұл әлсіз күйдегі адамдармен жұмыс істеу және ол құқықтық алаңнан тыс қалмауы тиіс.

Заң жобасында алғаш рет психологтар дегеніміз кім, психологиялық қызметпен кім айналыса алады деген сұрақтарға жауап ретінде нақты нормалар енгізіледі. Осы өлшемдердің негізінде психологтардың кәсіби біліктілігі мен біліміне қойылатын талаптар айқындалады. Сондай-ақ кәсіби құпияны сақтау, этикалық нормаларды орындау және манипуляциялық әдістерді қолдануға тыйым салуды көздейтін қызметтік қағидаттар бекітілді. Екіншіден, психологтардың және қызмет алушылардың құқықтары мен міндеттері анықталды. Қызмет сапасын арттыруға бағытталған стандарттау, кәсіби жауапкершілікті дамыту талаптары, психологиялық қызмет түрлері мен әдістері енгізілді. Бұл психологтың өз қызметі аясында психодиагностика жүргізуге, кеңес беруге, психокоррекциялық және психотерапевтикалық әдістерді қолдануға, реабилитациялық, дағдарыстық және шұғыл көмек көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда жеке тәжірибе жүргізе алады. Жеке қызмет аясында психолог көмек алушымен психологиялық қызмет көрсету бойынша келісімшарт жасасуға міндетті. Психологиялық көмек негізінен ерікті және саналы таңдау қағидаттарына сүйенеді. Сонымен қатар, кез келген психологиялық қызмет психологтан төтенше жағдайлардан басқа кезде жазбаша ақпараттандырылған келісім алынғаннан кейін ғана көрсетіледі.

Үшіншіден, қоғамның сенімін арттыру және ашықтық үшін барлық тәжірибелі психологтарды мемлекет-



тік тізілімге міндетті түрде тіркеу ұсынылады. Бұл нарықты реттеп, тиісті біліктілігі жоқ адамдардың, әртүрлі схемалар арқылы сенгіш азаматтарды алдауға тырысатын псевдопсихологтардың қызметіне тосқауыл қояды деген сенім бар. Төртіншіден, азаматтардың құқықтарын қорғау мәселе-

леріне жеке көңіл бөлінеді. Заң жобасында психологқа жұмыс барысында алынған ақпаратты құпия сақтау және тек қызмет алушылардың мүддесі үшін әрекет ету міндеті бекітілген. Бесіншіден, заң психологиялық және медициналық қызметті нақты ажыратып көрсетеді, бұл құқықтық

белгісіздікті жояды. Жалпы, заң қабылданған жағдайда мемлекеттік бағдарламалар, психологтарды даярлау, психологияны дамыту, көмекке қолжетімділікті теңестіру негіздері қалыптасады. Сонымен қатар, азаматтарды қорғаудың құқықтық негізі пайда болады. Алғаш рет «кім жауап береді, қайда жүгінуге болады, қандай стандарттар бұзылды» деген механизм айқын көрінетін болады.

отырған құжаттың бұл қызметтің нарығын жаппайтынын, оны тек реттейтін мәлімдеді. Сонымен қатар, құжат кәсіби қауымдастықты дамытуға және ұлттық реттеуді халықаралық тәжірибемен үйлестіруге жағдай жасайды. Бұл заң – соңғы нүкте емес, құқықтық іргетас. Сондықтан құжаттың қабылдануы елде сапалы психологиялық көмек қалыптасуына заңдық негіздер жасайды.

Депутат Нұртай Сабильянов заң талаптарын айналып өту мүмкіндіктеріне назар аударды. Оның айтуынша, жеке психологтар заңды тұлға құрып, талаптарды формалды түрде орындағандай болып, іс жүзінде бақылаудан тыс қалуы мүмкін. Сондықтан заңды тұлғаларға да нақты талаптар енгізіліп, олардың қызметі де толық реттелуі тиіс. Сондай-ақ, бүгінгі Салық кодексіне «психологиялық қызмет» ұғымының болмауы да түйткілді мәселе. Бұл қызметті ресми экономикалық қызмет түрі ретінде бекіту қажет.

Сарапшылардың пікірінше, қаралып отырған заң – түпкілікті шешім емес, керісінше, жүйелі реформаның бастауы. Құжат психологиялық қызметті дамытуға, кадр даярлауға және халықаралық стандарттарға жақындауға негіз қалайды. Ең бастысы – азаматтар үшін түсінікті әрі қауіпсіз жүйе қалыптасады яғни, кім жауап береді, қайда жүгінуге керек, қандай стандарттар сақталуы тиіс – бәрі айқын болады. Қорыта айтқанда, «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы – қоғам сұранысынан туған маңызды құжат. Ол реттелмеген нарықты жүйеге келтіріп, сапа мен қауіпсіздікке жаңа талаптар қояды деген үміт бар. Ендігі міндет – заңды екінші оқылымға дейін жан-жақты пысықтап, барлық тәуекелдерді ескеріп, тиімді әрі жұмыс істейтін тетікке айналдыру.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

Тақырыпқа орай

Сұраныс бар, сапа қалай реттеледі?

Қазақстанда психология саласына деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Соған сәйкес жоғары оқу орындары да бұл бағытта мамандарды көптеп даярлауда. Ресми деректерге сүйенсек, елімізде жыл сайын шамамен 3,5–4 мың түлек психология мамандығы бойынша оқуын аяқтайды. Ал жалпы бұл салада 17 мыңға жуық студент білім алып жатыр. Алайда маман санының артуы психологиялық көмектің сапасы толық қамтамасыз етілді дегенді білдірмейді. Мәжілістегі жиын барысында депутаттар психология мамандарын даярлау, олардың кәсіби деңгейі және жұмысқа орналасу мәселелеріне ерекше назар аударды. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарының қанша маман дайындайтыны, түлектердің еңбек нарығындағы жағдайы және олардың кәсіби біліктілігін бақылау тетіктері туралы сұрақтар көтерілді. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұловтың мәліметінше, бүгінде Қазақстанда 43 жоғары оқу орны психолог мамандарын даярлайды. Бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлерін қоса алғанда, бұл салада 17 мың студент білім алуда. Жыл сайын оқуын аяқтайтын түлектер саны 4 мыңға жуықтайды, ал олардың 73–76 пайызы жұмысқа орналасады. Бұл көрсеткіштерге тұрақты мониторинг жүргізіліп келеді. Дегенмен, депутаттар тек сандық көрсеткіштермен шектелмей, қызмет

сапасына қатысты мәселелерді де алға тартты. Себебі соңғы жылдары қоғамда психологиялық көмекке деген сұраныс артқанымен, көрсетілетін қызметтің деңгейіне қатысты сұрақтар да көбейген. Осыған байланысты Мәжілісте қаралған «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасы саланы жүйелеуге бағытталған негізгі құжаттардың бірі ретінде ұсынылды. Құжат психологиялық көмек көрсету саласындағы базалық ұғымдарды нақтылап, қызметтің қағидаттарын айқындауды көздейді. Атап айтқанда, «психолог», «психологиялық қызмет», «ақпараттандырылған келісім», «психологиялық көмектің сапасы», «кәсіби құпиялылық» сияқты түсініктер енгізіледі. Айта кету керек, бұл заң медициналық қызметтерге қатысты емес, тек психологиялық көмек көрсету саласын қамтиды. Заң жобасының негізгі мақсаты – халықтың өмір сүру сапасы мен психологиялық жағдайын жақсарту. Сонымен қатар заңдылық, еріктілік, құпиялылық, кәсіби құзыреттілік, ғылыми негізділік және зиян келтіруге жол бермеу қағидаттары белгіленген.

Заң жобасы аясында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің психологтардың біліктілігін тану және мемлекеттік тізілімді жүргізу жөніндегі өкілеттіктерін айқындау қарастырылған. Құжатты талқылау барысында депутаттар аталған тізілімді электрондық форматта жүргізу тәртібін нақтылау, сондай-ақ тіркелуге жататын психологтар санаттарын белгілеу мәселесін көтерді. Сонымен қатар

мәліметтердің ашықтығы және оларды уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастыру көзделген.

2025 жылы Қазақстанда 48 мыңнан астам адамға психологиялық кеңес берілген. Президент тапсырмасы аясында еліміздің 20 өңірінде психологиялық қолдау орталықтары жұмыс істеп келеді. Бұл орталықтар халыққа кәсіби және әдістемелік көмек көрсетуге бағытталған. Ресми деректерге сәйкес, 2025 жылы орталық мамандары 48 019 жеке психологиялық кеңес өткізген. Оның ішінде 23 885 балаға, 14 898 ата-анаға және 9 236 педагогке көмек көрсетілген. Сала мамандарының айтуынша, бұл көрсеткіштер қоғамда психологиялық қолдауға деген сұраныстың артқанын көрсетеді. Сонымен қатар психологиялық саулықты сақтау және дағдарыс жағдайларының алдын алу мәселелеріне көңіл бөлініп отырғанын аңғартады.

Жыл бойы еліміздің барлық өңірінде 40 мыңнан астам профилактикалық және ағартушылық іс-шара ұйымдастырылған. Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында 9 мыңнан астам маман оқушылар мен олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді. Сонымен қатар азаматтар «111» бірыңғай байланыс орталығы арқылы психологиялық көмек ала алады. Бұл қызмет күн сайын келіп түсетін өтініштерді қабылдап, тиісті қолдау көрсетуге бағытталған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

Қазақстанда жүргізіліп жатқан конституциялық жаңғырту үдерісі адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа көзеңін қалыптастырды. 2026 жылғы өзгерістер азаматтардың құқықтық мәртебесін нығайтып қана қоймай, оларды қорғаудың тиімді тетіктерін енгізуге бағытталды.

Ата Заңның 1-бабының 1) тармағында мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде адамды, оның өмірі мен құқықтарын танытыны бекітілген. Бұл қағидат конституциялық реформалардың өзегіне айналып отыр.

Соңғы өзгерістердің маңызды бағыты – азаматтардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту. Атап айтқанда, 13-бапта әркімнің өз

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТҚА ЖҮГІНУ МҮМКІНДІГІ КЕҢЕЙДІ

құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы нақты бекітілсе, жаңғырту нәтижесінде бұл құқықтың іске асырылу тетіктері күшейтілді.

Елеулі жаңалықтардың бірі – Конституциялық сот институтының рөлінің артуы. 83-бапқа сәйкес, азаматтардың Конституциялық сотқа жүгіну мүмкіндігі кеңейіп, бұл орган құқықтарды қорғаудың пәрменді құралына айналып отыр. Енді азаматтар өз құқықтарының бұзылуына қатысты нормативтік актілердің Конституцияға сәйкестігін тікелей даулай алады.

Сонымен қатар, адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының маңызы арта түсті. Омбудсменнің қызметі азаматтардың құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуде маңызды буын

ретінде танылып, оның мәртебесі күшейтілді.

Конституцияның 14-бабында бекітілген заң мен сот алдында теңдік қағидаты да жаңаша мазмұнмен толықты. Бұл норма азаматтарды кемсітусіз тең құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тағы бір маңызды аспект – халықаралық құқық нормаларының рөлі. Конституцияның 4-бабына сәйкес, халықаралық шарттар ұлттық құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл адам құқықтарын қорғауда халықаралық стандарттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Дегенмен, қабылданған өзгерістердің тиімділігі оларды іс жүзінде жүзеге асыруға тікелей байланысты. Қазіргі таңда құқық қолдану тәжірибесінде бірқатар мәселелер сақталуда.

Атап айтқанда, азаматтардың құқықтық сауаттылығының жеткіліксіздігі, сот практикасының біркелкі болмауы және кейбір құқықтардың толық іске аспауы байқалады.

Осыған байланысты құқықтық мәдениетті арттыру, сот тәуелсіздігін нығайту және құқық қорғау институттарының тиімділігін күшейту өзекті болып қала береді.

Қорытындылай келе, жаңа Конституция адам құқықтарын қорғау жүйесін сапалы жаңа деңгейге көтереді деп айта аламыз. Ендігі міндет – қабылданған нормалардың толық әрі тиімді жүзеге асуын қамтамасыз ету.

Бағдат АУЕШОВА,
Yessenov University заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



ҒЫЛЫМҒА СЕРПІН БЕРГЕН ОНКҮНДІК

2026 жылы 1 сәуірде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде «Ғылымдағы цифрлық серпіліс: жасанды интеллект дәуірі» тақырыбындағы «Ғылым декадасы – 2026» шарасының ашылуы кең көлемде атап өтілді.

данының №9 мектеп-гимназиясы және Түркістан облысындағы Жандосов атындағы орта мектеп оқушыларының ғылыми жобалары таныстырылды.



Ғылым декадасы ғалымдар мен ғылыми қауымдастық үшін ерекше мәнге ие, зияткерлік әлеуетті арттыратын, ғылыми ой-пікірлер еркін алмасатын маңызды алаң. Бұл озық идеялар мен тың бастамалар тоғысатын, ғылым мен білімнің өзара байланысын нығайтатын дәстүрлі іс-шара.

Биылғы декаданың басты ерекшелігі – оның республикалық деңгейде ұйымдастырылуымен байланысты. Осыған орай еліміздің бірқатар жетекші мектептерімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылып, Қазақстанның әр өңірінен 40-тан астам дарынды оқушы шақырылды. Олар өз ғылыми жобаларын ұсынып, универси-

теттің ғылыми ортасымен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік алды. Бұл бастама жас зерттеушілерді қолдауға, олардың ғылыми ізденістерін ынталандыруға бағытталған маңызды қадам.

Салтанатты шараны ашу барысында «Мектеп – ЖОО: ғылыми жобалар және білім көрмесі» атты ғылыми-білім беру көрмесі, сондай-ақ инновациялық жобалар мен стартаптар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде Абай университетінің студенттерімен қатар «НЗМ» ЖМБ Алматы-Наурызбай, «SDL School» мектеп-интернаты, мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернаты, «Нұрорда» мектебі (Алматы), Ақмола облысы Бурабай ау-

Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру – бәсекеге қабілетті, білімді, жаңашыл ойлайтын болашақ педагогтар мен ғалымдарды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Ғылыми декадасы тек ғылыми жетістіктерді таныстыру алаңы ғана емес, сонымен қатар жас буынның кәсіби бағдарын айқындауға, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді платформа. Ғылыми мен білімнің тоғысында қалыптасатын мұндай бастамалар елдің зияткерлік әлеуетін арттырып, болашаққа деген сенімді нығайтады.

Ұсынылған жобалар экология және тұрақты даму, жанартылатын энер-

Сонымен қатар, бұл алаң ғылыми қауымдастық өкілдері арасында тәжірибе

алмасуға, жаңа серіктестіктер орнатуға кең мүмкіндік береді.

1-10 сәуір аралығында өтетін Ғылым декадасы биыл цифрландыру мен жасанды интеллект тақырыптарына арналды. Онкүндік аясында 150-ден астам іс-шара жоспарланған. Олардың қатарында халықаралық ғылыми конференциялар, инновациялық жобалар мен стартаптар көрмесі, TOP-time және Science & Research time форматындағы дәрістер, робототехника жарыстары, танымдық экспедициялар, пәндік олимпиадалар, көрнекті ғалымдармен кездесулер, дөңгелек үстелдер, танымдық саяхаттар, конгрестер және интеллектуалдық ойындар бар.

Бұл іс-шаралар білім алушылардың ғылыми қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, зерттеушілік дағдыларын дамытуға және әлеуметтік тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді. Осындай ғылыми ортада қалыптасқан тәжірибе жас буынның кәсіби қалыптасуына берік негіз қалайды.

Абай университеті ғасырлық тарихы бар, білім мен ғылымның озық дәстүрлерін сақтап, оны заманауи талаптармен ұштастырып келе жатқан жетекші жоғары оқу орындарының бірі. Университет ұжымы ғылым мен білімнің сабақтастығын қамтамасыз ете отырып, жас ұрпақты тәрбиелеуде ерекше жауапкершілік жүктейді.

Осындай ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру – бәсекеге қабілетті, білімді, жаңашыл ойлайтын болашақ педагогтар мен ғалымдарды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Ғылым декадасы тек ғылыми жетістіктерді таныстыру алаңы ғана емес, сонымен қатар жас буынның кәсіби бағдарын айқындауға, олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді платформа.

Ғылым мен білімнің тоғысында қалыптасатын мұндай бастамалар елдің зияткерлік әлеуетін арттырып, болашаққа деген сенімді нығайтады.

Г.БАЙМБЕТОВА,
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Инновациялық дамыту және ғылыми кадрларды даярлау департаментінің директоры



МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСУГЕ БОЛМАЙДЫ

Білімді ұрпақ – мемлекеттің жарқын болашағының көпірі. Сондықтан барлық ел жастардың сапалы білім алып, талабын ұштауына қаржыны да, қамқорлықты да аямайды. Соның ішінде Қазақстанда да білім беру саласына жан-жақты көңіл бөлінген.

Бүгінде жайлы, келешек мектептері көбейіп, талапты жастардың өнерге, спортқа деген қабілет-қарымын дамыту үшін тегін үйірмелер қарастырылған. Осы білім ордаларында балаларға дәріс беретін мұғалімдерге деген құрмет те бір сәт кеміген емес. Мұғалім мәртебесін көтеретін арнайы заң қабылданып, еліміздегі ең жалақысы жоғары мамандықтар қатарына мұғалім мамандығы да қосылды. Тіпті педагогикалық мамандықты таңдаған студенттерге берілетін шәкірталас да басқа факультеттерде оқып жатқан студенттердің шәкірталасына қарағанда жоғары. Осындай ынталандыру тетіктерінің арқасында мұғалім болғысы келетін жастар саны артты.

Ал елімізге қажетті кәсіп иелерін сапалы дайындау міндеті университет, институт, академияларға жүктелген. Бүгінде жоғары оқу орындарына қойылатын талап та жыл сайын қатандырылып келеді. Жоғары мектептер тек Қазақстанда ғана бәсекеге қабілетті болып қоймай, әлемнің озық білім ордаларымен теңесуге ұмтылуы керек. Халықаралық рейтингтерде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің әлемнің жетекші оқу орындарымен қатар тұруы еліміз үшін үлкен мақтаныш. Мұндай межеге барлық оқу орындары ұмтылып, қазақстандық білімнің озық университеттер білімінен еш кем түспейтінін дәлелдеуі керек. Ал ол тек университеттердің материалдық-техникалық мүмкіндігімен, профессор-оқытушылық құрамының мықтылығымен ғана емес, түлектерінің білімімен де өлшенеді. Түлектері өзінің мықтылығын әлемге мойындатқан университеттердің беделі әрқашан биік. ҚазҰУ де өз түлектерімен мақтанады. Біздің шәкірттеріміз дай-

ындаған жобалар мен озық идеялардың көпшілік қажетіне жарап, сұранысқа ие болып жатқаны сол үздіксіз берілген сапалы білімнің нәтижесі.

Біз дайындаған заңгерлер өз кәсібінің мақтанышына айналып, елдің құқықтық сауатын арттыруға, мемлекеттің құқықтық құрылымдарының жұмысын жандандыруға, пәрменді заңдардың қабылдануына өлшеусіз үлесін қосып жүр. ҚазҰУ-дың түлектері Парламент, Үкімет, сот, прокуратура, полиция саласында еселі еңбек етіп, заң, құқықтық сала жұмысын үйлестіруде бастамашы болып жүр. Азаматтарға заңдық көмек көрсететін адвокатура, нотариус, әділет, жеке сот орындаушылары, медиаторлар сапындағы түлектеріміздің де еңбегі ерен. Одан бөлек Қазақстандағы заңгерлерді дайындайтын жоғары оқу орындарындағы оқытушылардың басым бөлігі – ҚазҰУ-дың қабырғасынан шыққандар.

Бүгінгі маман қандай болуы қажет? Бұл сұрақ көптен бері жастар арасында кеңінен талқыланып келеді. Нағыз маман – өз ісін жетік білетін және өз мамандығына байланысты жан-жақты дамыған адам болуы керек. Міне, сонда ғана ол өзіне және өзін қоршаған адамдарға қуаныш әкеледі. Ал әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заңгер болғысы келетін жастардың арманын шындыққа айналдыруға көмектеседі. Себебі бұл білім ордасында заң саласында қызмет студі мақсат еткен жастардың білімін ұштауға, қабілетін шыңдауға, теориялық алған білімін тәжірибемен байланыстыруға қажетті бағдарлама мен мүмкіндіктің бәрі бар.

Бақытгүл ҚОНЫСБАЙ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
PhD докторы



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті санды емес, сапаны басты құндылық ретінде ұстанады. Университет оқытушылары – үздіксіз ізденіс пен шығармашылық дамуды өмірлік қағидасына айналдырған, теориялық білім мен тәрбиелік мәнді үйлестіре білетін жан-жақты өрі білікті мамандар. Ұлттық құндылықтарды студент бойына сіңіруді басты міндет санайтын ұстаздар кейде қамқор ата-анадай мейірімді, кейде талапшыл тәлімгер, тіпті, студенттің ішкі жан дүниесін сөзсіз ұға білетін психолог рөлін де қатар атқарады.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ МЕН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ОРТАЛЫҒЫ

Университеттің материалдық-техникалық базасы да жоғары деңгейде. Білім ордасында дайындалатын мамандықтар ауқымы кең болғанымен, соның ішінде заң факультетінің орны айрықша. Құрылғанына 71 жыл толған бұл факультет елімізге қажетті жоғары білікті кадрларды даярлап келеді. Мұнда құқықтану, мемлекеттік қызмет, кеден ісі, құқық қорғау қызметі және корпоративтік құқық бағыттары бойынша мыңнан астам студент білім алады. Факультеттің негізгі өрі іргелі бағыты – құқықтану саласы.

Қазақ халқының құқықтық мәдениеті терең тарихи тамырларға ие. Би-шешендер мен төбе билер дау-дамайды күшпен емес, заң мен әділ сөздің үстемдігі арқылы шешіп, әдет-ғұрып құқығына негізделген құқықтық жүйені қалыптастырды. Сол дәстүрді бүгінгі күні ғылыми тұрғыда жалғастырып, әділдік пен жауапкершілікті басты қағида еткен кәсіби заңгерлерді даярлау – құқықтану саласының негізгі мақсаты.

Бүгінгі таңда университетте халықаралық стандарттарға сәйкес эксперименталды білім беру бағдарламалары белсенді енгізілуде. Университет аумағында әлемге танымал Hewlett-Packard, Samsung, Cisco, KonicaMinolta, Microsoft, Alcatel компанияларының оқу және ғылыми-зерттеу орталықтары табысты жұмыс істейді. Сонымен қатар, студенттік бизнес-инкубаторлар, Start-up және Spin-off компаниялары да өз қызметін жүргізуде.

ҚазҰУ заманауи технологиялармен толық жабдықталған. Университеттің барлық факультеті, құрылымдық бөлімдер мен жатақханалар әлемдік интернет-желісіне қосылған. ҚазҰУ қалашығында оқу мен бос уақытты тиімді ұйымдастыруға арналған қаладағы ең ірі интернет-кафе ашылды, бұл ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасында ешкімде жоқ ерекше орталық болып табылады.

Қазіргі таңда университетте «академиялық мобильдік» бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда. Бұл бағдарлама студенттерге өз көзқарасын кеңейтуге, шетелдік университеттерде білім алып, тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, академиялық мобильдік шеңберінде шетел азаматтары да ҚазҰУ-да білім ала алады, бұл өз кезегінде тек университеттің ғана емес, тұтастай еліміздің халықаралық рейтингін арттыруға ықпал етеді. Студенттерге жан-жақты қызмет көрсететін заманауи «Керемет» орталығында түрлі ұйымдар, паспорттық қызмет, әлеуметтік қолдау кабинеттері, сондай-ақ, кинотеатр

секілді нысандар шоғырланған. ҚазҰУ имиджінің басты негізі – оның халықаралық деңгейде мойындалуы. Бұл білім ордасы институционалды рейтингтерде де, білім беру бағдарламалары рейтингтерінде де ұлттық деңгейдегі көшбасшы болып табылады. Университеттің «QS WUR» және «The WUR» әлемдік рейтингтеріне енуі оның халықаралық деңгейде қарқынды дамуына және беделінің артуына ықпал етті.

«QS World University Ranking by Subject 2025» рейтингісінің нәтижелері бойынша университет әлеуметтік ғылымдар және менеджмент саласында әлемдегі 500 үздік жоғары оқу орнының қатарынан көрінді. Сонымен қатар, осы бағыттың маңызды салаларының бірі – заң ғылымы бойынша университет әлемнің үздік топ – 400 университеті қатарына енді. Бұл көрсеткіш заң саласы бойынша дайындалатын мамандардың бәсекеге қабілеттілігін айқындайды.

ҚазҰУ түлектерді жұмысқа орналастыру рейтингінде («QS Graduate Employability Rankings») 550 жоғары оқу орнының ішіне енген Орталық Азиядағы алғашқы білім ордасы. Сондай-ақ нанотехнология, биотехнология және IT саласындағы озық зертханалармен және әл-Фараби ғылыми-технологиялық паркімен жабдықталған. Зертханалар ISO сертификаттарына ие болып, жас ғалымдарға әлемдік деңгейдегі ғылыми жобаларды жүргізуге мүмкіндік береді. Университет технопарктері мен стартап-инкубаторлары студенттер мен профессорлардың инновациялық идеяларын коммерцияландыруға көмектеседі, ал ғылыми-өндірістік орталықтарда тәжірибе жинау студенттердің кәсіби дағдыларын ерте қалыптастырады.

ҚазҰУ әлемдік университеттермен әріптестік орнатып Erasmus+ сияқты халықаралық жобаларға қатысады. Сондай-ақ, «Green Campus» бағдарламасы арқылы экологиялық тұрақтылықты насихаттап, энергияны үнемдеу, су ресурстарын тиімді пайдалану және қалдықтарды бөлек басқару сияқты шараларды жүзеге асырады.

Жұлдыз УМБЕТБАЕВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Заң факультеті Азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасы доцентінің міндетін атқарушы
Зарина АЛИМКУЛОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«Құқықтану» мамандығының 1-курс студенті

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

«АДАЛ АЗАМАТ» – ҚОҒАМНЫҢ ҚОРҒАНЫ

Құқықтық сана мен заңға бағынатын мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында Түркістан облысындағы 940 мемлекеттік және 165 жекеменшік жалпы білім беру ұйымында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Заң және тәртіп» бағыты бойынша жоспарлы іс-шаралар жүзеге асып жатыр. Мәселен, аталған бағдарлама шеңберінде 1-11 сынып оқушылары арасында 25 368 іс-шара өткізілді.



Білім беру ұйымдарында «Заң мен тәртіпті сақтаудағы менің үлесім!» тақырыбында бірыңғай адалдық сағаттары; құқықтық тәртіп, жауапкершілік және азаматтық ұстанымды қалыптастыруға бағытталған сынып сағаттары ұйымдастырылды. Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтеріне арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, академиялық адалдық, білім беру сапасының стандарттары бойынша семинарлар өткізілді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында студенттер мен оқытушылардың қатысуымен академиялық адалдықты сақтау тәжірибесіне арналған диалог алаңдары ұйымдастырылды.

Отбасы институтын нығайту және ата-аналардың құқықтық жауапкершілігін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Облыстағы 1 016 мектепте ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары (АПҚО) жұмыс істейді. «Даналық мектебі» жобасы аясында «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі», «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» клубтары жүйелі жұмыс жүргізіп, мектеп пен ата-ана арасындағы өзара байланыс нығайтылды. Ата-аналарға балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне қатысты жауапкершілік, сондай-ақ заң талаптарын орындамаған жағдайда қолданылатын әкімшілік жауапкершілік нормалары түсіндірілді.

«Қауіпсіз балалық шақ» жобасын іске асыру бойынша кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында облыста «Қауіпсіз балалық шақ» жобасы іске асырылуда. Жоба аясында аудан, қала полиция инспекторлары мен мектеп оқушылары арасында бекітілген кестеге сәйкес кездесулер өткізілуде, қауіпсіз мінез-құлық, жол-көлік, тұрмыстық,

интернет және қоғамдық қауіпсіздік бойынша сабақтар ұйымдастырылып, мектептен тыс уақытта балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары күшейтілді. Бұған қоса, құқық қорғау органдарымен бірлесіп буллинг пен кибербуллингті болдырмау, өмірлік қиын жағдайлардың, ерте жүктіліктің, құмар ойындар мен зиянды әдеттердің алдын алу тақырыптарында кездесулер мен дәрістер өткізілді.

Түркістан облысы білім басқармасы тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстар «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдаманың» және «Қауіпсіз балалық шақ» жобасының аясында жалғасын табуда. Соның бірі «Заң мен тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында мектептерде «Менің әкем – полиция қызметкері» атты республикалық сурет көрмесі өтті. Көрме барысында «Полиция қызметкері – тәртіп қорғаушысы» тақырыптық әңгімелер, «Полиция», «Қауіпсіз көше» және т.б. сюжетті-рөлдік ойындары ұсынылды.

Республикалық кезеге жіберілген жұмыстар ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар, 2026 жылдың ақпан айында «Заң және Тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «Дроп» атты қысқаметражды профилактикалық фильм түсірілген. Осыған орай, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ профилактикалық жұмыстың тиімділігін күшейту мақсатында фильм облыстағы барлық жалпы білім беретін оқу (колледж, мектеп) орындарында көрсетілді. Мұндағы басты мақсат – жасөспірімдерге жауапкершілік сезімін қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Т.ИБАШЕВА
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



ОЙТАЛҚЫ

Кез келген қоғамның дамуындағы маңызды мәселе – тіл. Қай уақытта болмасын, тіл құрылысының қоғамдық және мемлекеттік маңызы жоғары болған. Соған сәйкес, тіл халықтың тұтастығының негізі. Тілдің адам өмірінің философиясы мен ойлау жүйесін қалыптастыратындығы белгілі.

ӘР АДАМ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ЖАНАШЫР БОЛУЫ КЕРЕК

Дегенмен, қазақ тілі әлі де толыққанды барлық салаға сіңбей жатыр. Мемлекеттік тіл дегенде, қоғамның басым көпшілігі мемлекеттік мекемелермен мемлекеттік қызметкерлерге назар аударады. Бұл қате түсінік, себебі ол саясатқа барлық азамат араласу қажет. Ең қарапайым нәрсені алып қарайықшы: барлығымыз еліміздегі цифрландыру қызығына еніп күнделікті өмірде телефон арқылы тапсырыс беру, ақша салу, аудару, алу, әртүрлі төлемдер жасау оның ішінде жол ақысы, азық-түлік, коммуналдық төлемдер, банк карталарымен немесе QR-код арқылы қолданған кезде әдеттегідей орыс тіліне таңдау жасаймыз. Сол әдіс тез әрі ыңғайлы болып көрінеді. Қазақ тілі бұл жерде өкінішке орай қолданусыз қалады. Бұл біздің бүгінгі болмысымыз. Міне осындай дүниеге мән беруіміз қажет. Сонымен қатар, үйреншікті қолданып жүрген сөздердің баламасын табу керек, оның ішінде «ФЛЕШКА», «ЭЦП», «ЦОН», «СКИНУТЬ», «ЭЛЕКТРОНКА», «УДАЛЁНКА» «УПРОЩЕНКА» және тағы басқалар. Осындай қысқартылған сөздердің аудармасы қиын және атауға ұят сияқты көрінеді. Мысалы, ЦОН-ның аудармасы ХҚКО, ЭЦП-ның аудармасы ЭЦҚ. «Мен ХҚКО-ға барып ЭЦҚ жасатып алайын» деп ешкім айтпайды. Сол себептен тез арада аталған сөздердің баламасын тауып қолдануға енгізу қажет деп санаймын.

Мемлекет өз тарапынан тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған түрлі шаралар ұйымдастырып жатқанымен, нәтижесі қуанарлықтай емес. ҚР «Тіл туралы» заңында «Мемлекеттік тіл

– мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп жазылған. Осы заң аясында тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданып, ҚР Үкіметінің 2023 жылдың 16 қазанындағы №914 қаулысымен бекітілген. Тұжырымдамада 2029 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесін 84 пайызға жеткізу көзделген. Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардағы құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 94 пайызды құрауы тиіс. Осы мақсаттарға қолжеткізу тұжырымдамасында басқалармен қатар, халыққа қазақ тілін үйрету курстарын ашу, бейнесабактар өткізу, жоғары оқу орындары мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бағдарламаларын жаңарту ұсынылады.

Бұл орайда сот саласы да осы саясаттан тыс қалмай, осы бағыттағы өз жоспарын бекітіп жұмыс жасауда. Атап өтсек, Абай облыстық соты

төрағасының 2026 жылдың 1-жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары бойынша сот төрағалары, сот әкімшісінің басшылары, мамандар, облыстық соттың БАҚ жұмысын

үйлестіруші судья және тағы басқалар өз деңгейінде мемлекеттік тілді дамытуға атсалысып жүр. Оның ішінде түрлі мақалаларды жарыққа шығару, сот мамандары арасында семинар сабақтарын өткізу, басқа мемлекеттік мекемелермен, құқық қорғау органдарымен, қорғаушылармен бірге қазақ тілінде қаралатын істер санын арттыру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылуда. Құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесіне мониторинг ай сайын жасалады. Әрбір сот, өз құзыры шеңберінде басқа қатысушылардың пікірлерін ескере отырып сот ісін жүргізу тілін орыс тілінен қазақ тіліне көшіру туралы сот актілерін шығарып жатыр.

Семей қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотына келер болсам, құжат айналымы бойынша 2026 жылдың 18 наурызына дейін келіп түскен материалдар мен шағымдардың саны 360, оның ішінде 76 құжат мемлекеттік тілде, яғни үлесі бойынша 21% құрайды. Не себептен бұл көрсеткіш төмен деген заңды сұрақ туындайды. Себебі,

Ең қарапайым нәрсені алып қарайықшы: барлығымыз еліміздегі цифрландыру қызығына еніп күнделікті өмірде телефон арқылы тапсырыс берің, ақша салың, аударың, алу, әртүрлі төлемдер жасау оның ішінде жол ақысы, азық-түлік, коммуналдық төлемдер, банк карталарымен немесе QR-код арқылы қолданған кезде әдеттегідей орыс тіліне таңдау жасаймыз. Сол әдіс тез әрі ыңғайлы болып көрінеді. Қазақ тілі бұл жерде өкінішке орай қолданусыз қалады. Бұл біздің бүгінгі болмысымыз.



«Тіл туралы» заңның 13-бабында Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар қолданылады делінген. Сотқа тергеу органдарынан жіберілген жадығаттар қай тілде жолданады, яғни сот істер мен жадығаттарды сол тілде қарайды. Сонымен қатар сотта, құжаттардың мемлекеттік тілде орындалуын қорытындылап айтқанда, шығыс құжаттары мен ішкі құжаттар барлық мемлекеттік мекемелер мен азаматтармен хат алмасулар тек мемлекеттік тілде яғни 100 пайыз қазақ тілінде әзірленеді. Сотта құжаттардың мемлекеттік тілде орындалуы мамандарға да үнемі ескертіліп отырады, қадағаланады, апта сайын мониторинг жүргізілуде.

Д.БАҚТЫБАЙ,
Семей қаласы
мамандандырылған тергеу сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

АЛАЯҚТЫҚ

БІРЕУДІҢ БАНК ШОТЫНА ҚОЛСАЛУ – ҚЫЛМЫС

Глубокое аудандық соты ҚР ҚК 232-1-бабының 1-бөлігіне қатысты (банк шотына, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралдарына үшінші тұлғаның қолжеткізуін заңсыз қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды материалдық сыйақы үшін үшінші тұлғаға заңсыз беру) қылмыстық істі қарады.

2025 жылғы қазанда айыпталушы азамат жеңіл ақша табу және өз дербес деректерін 10000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйақыға үшінші тұлғаға беру арқылы материалдық пайда табуға бағытталған қылмыстық ниет туындаған. Ол өзіне тиесілі «Iphone 15» маркалы ұялы телефонын пайдалана отырып, досының кеңесімен «Telegram» мессенджері арқылы «OLX» қосымшасын өз атына тіркеуге және оны үшінші тұлғалардың пайдалануына беруге келіскен, ол криптовалюталармен жұмыс істеуге арналған көпфункционалды платформа және цифрлық активтерді сатуға, сақтауға, айырбастауға мүмкіндік берген. Осы-

дан кейін «Интернет» желісін пайдалана отырып, анықталмаған тұлғамен хат алмасып «Telegram» мессенджері арқылы аталған қосымшада тіркеуден өту тәртібі туралы нұсқаулар бере бастаған. Сөйтіп үшінші тұлғаның заңсыз сипаттағы ұсынылған шарттарына келіскен. Қылмыстық ниетін жүзеге асыруда пайдакүнемдік мақсатты көздей отырып, аталған қосымшаны жүктеп алады, содан кейін тіркеу, верификация және жеке басын куәландыратын бейнежазба рәсімдерінен өтті.

Осыдан кейін оның дербес деректері мен аккаунтын тергеумен анықталмаған тұлғалар заңсыз

қаржылық операцияларды жүзеге асыру үшін пайдаланған. Бұрын қол жеткізілген уағдаластықты растай отырып, бұл 10 000 теңге көлемінде ақшалай сыйақы алған.

Басты сот талқылауында сотталушы ҚР ҚК 232-1-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәсін толық мойындады.

Жазаның түрі мен мөлшерін айқындау кезінде сот жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын, оның қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесін, сотталушының жеке басын, жазаны жеңілдететін мән-жайларды және ауырлатытын мән-жайлардың жоқтығын ескере отырып, 117960 теңге көлемінде айыппұл түріндегі жаза тағайындады.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Нүргүл НҮРЛАНОВА,
Глубокое аудандық сотының судьясы
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

ТҮНГІ РЕЙД

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қымыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Осы тұста халықтың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін арттыру да үлкен маңызға ие.

ҚАДАҒАЛАУДАН ТЫС ҚАЛҒАН БАЛА ҚЫЛМЫСҚА БЕЙІМ

Осыған байланысты Кентау қалалық полиция бөлімінің ұйымдастыруымен түрлі құқықтық түсіндіру шаралары жиі жүргізіліп тұрады. Мәселен, қала бойынша «Түнгі қаладағы балалар» атты профилактикалық іс-шара ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандардың ісімен айналысатын орган – ювеналды полиция. Бұл қызметтің инспекторлары ата-аналар және оқушылармен жүйелі түрде кездесулер өткізіп, еліміздегі заң нормаларын түсіндіреді. Әрі түнгі мезгілде жүретін жеткіншектерді бақылауға алып, олармен жұмыс жүргізеді. Кенді шаһар аумағында өткен кезекті бір рейдке тәртіп сақшыларымен бірге біз де шықтық.

Балалардың көбі компьютер ойындарына үйір

Жасөспірімдер қылмысының көпшілігі ата-ананың бақылаусыз қалған балалардың қатысуымен орын алатын көрінеді.

«Түнгі уақыттағы балалар» жедел профилактикалық шарасы жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі. Аталған шараның басты мақсаты қала тұрғындарының құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыру. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған балаларға түнгі сағат 23:00-ден таңғы 6-ға дейін ата-анасының және оған құқығы бар заңды өкілдердің қарауынсыз ойын-сауық мекемелерінде немесе үйден тыс жерлерде жүруге болмайды. Ол үшін ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылады, – деді Кентау қалалық ПБ ҚҚБ полиция майоры Жанболат Саруарұлы.

Сағат тілі 23.00 шамасында арнаулы инспекция өкілдерімен бірге Кентау

қаласынан басталған рейд барысында бірқатар оқиғалардың куәсі болдық. Бұл күні рейдке бірнеше қызметтік көлік жұмылдырылды. Ювеналды полиция инспекторлары аулаларда, саябақтарда, жастар көп жиналатын ойын-сауық орындарында рейдтік қадағалау жұмыстарын жүргізді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдерді есіресе компьютерлік ойын-сауық орталықтарынан жиі кезіктірдік.

Мәселен, Түркістан шаһарында орналасқан компьютер клубы маңынан 9 сыныпты бітіріп колледжге түскен, студентті тоқтаттық. Ол өзінен екі жас үлкен ағасымен бірге жүргенін айтып ақталды. Алайда, мұндай жағдайда аға-апа, туған-туыстың кәмелетке толмаған баланың әрекетіне жауап беруге құқы жоқ екен. Себебі, ол туысына баланың ата-анасы сенімхат беруі қажет. Сенімхаты болмаған туысы балаға жауап бере алмайды. Осы мәселені көпшілік тұрғындар ескермейтін көрінеді. Сағат түнгі 12-нің шамасында біз шаһардағы жастар жиі баратын ойын-сауық орталықтарының біріне бет алдық. Ұсталған жасөспірімдер полиция бөліміне жеткізіліп, ата-аналары шақыртылды. Олардан түсініктемелер алынып, ескертулер берілді. Бұл жағдайда ата-аналардың көпшілігі, баласының кино көруге кеткенін немесе досының үйіне қонуға сұранғанын айтып ақталуда.

Бүгінгі таңда балалар мен жастар арасында компьютерлік ойындар өте танымал. Нәтижесінде ойыншылар виртуалды әлемге толығымен еніп, шындыққа деген қызығушылықты жоғалтуда. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды. Құмар ойынға құмарлығынан шыға алмай, құрдымға кеткен талай жасөспірім көз алдымызда.

Түнделетіп көше кезіп жүргендердің ата-анасына алдымен ескерту жасалады. Егер құқықбұзушылық бір жыл ішінде қайталанса, үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Ал ата-анасы ауылдық жерде немесе басқа қалада болса, кәмелетке толмаған баласын қараусыз

ласы аумағында 2026 жылдың 3 ай кәлемінде кәмелетке толмағандар қатысқан 2 қылмыс орын алған. Аталған кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне қатаң шаралар қолданылды. Қазіргі уақытта кәмелетке толмағандардың үй-жайынан немесе оқу орнынан себепсіз кетіп қалу де-



қалдырмай, сенімхат арқылы үлкендерге тапсырып кетуі керек. Сенімхаты жоқ туыскандар бала үшін жауап бере алмайды.

Полиция бөлімінде 6 оқушы, мектепшілік есепте 61 оқушы тіркеуде тұр

Билғы оқу жылынан бері ойын-сауық мекемелері мен интернет клубтарға полиция өкілдері 19 рейд жүргізіп, ата-анасыз жүрген 16 оқушы анықталған. Осыған байланысты 5 ата-анаға әкімшілік айыппұл салынып, 16 ата-анаға ескерту берілді.

«Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету мақсатында кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының профилактикасы бойынша оқушылармен ашық сабақтар өткізіліп, 400-ден аса оқушы қатыстырылған. Кентау қал-

ректірікөптеп орыналууда. Жыл басынан бері 106 құқықбұзушылық анықталып, әкімшілік құқықбұзушылық туралы хаттамалар толтырылған.

Құқықбұзушылыққа бейім 13 жасөспірім, 59 лидер жасөспірім және 8 жайсыз отбасы полиция бөлімінің есебіне алынып, олардың мекенжайында және оқу орнында бақылау-қадағалау жұмыстары жүргізілуде.

Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәрімізге белгілі. Осыған орай мектептерде есірткіге қарсы түрлі іс-шаралар көптеп өткізілуде. Біздің мақсат жасөспірімдерге есірткінің зияны туралы айтып, пайдалы жиындарды өткізу, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы олардың есірткіге тәуелді болмауының алдын алу. Біз сонымен қатар күнделікті халыққа алаяқтарға алданбаудың және олардың құрбаны болмас үшін жан-жақты ескерту жұмыстарын

жүргізіп келеміз. Күнделікті әлеуметтік желілерде, кафе, ресторан, дүкен, базар, ЛЭД экрандарда жалпы алғанда халық көп шоғырланатын барлық жерлерде ескерту жұмыстары жүргізілуде, – деді Кентау қалалық ПБ ҚҚБ полиция майоры Жанболат Саруарұлы.

Сонымен қатар, полиция майоры ата-аналарды балалардың алда келе жатқан жазғы демалысын тиімді өткізуге шақырды. Оларды түрлі үйірмелер мен жазғы сауықтыру лагерьлеріне жіберуге кеңес берді.

Түркістан қалалық емханасының психологі Бағила Бимендиеваның айтуынша, балалар түрлі қылмысқа әуес келді.

– Бала тәрбиесіне біріншіден – ата-ананың бала тәрбиесіне деген немқұрайлылығы, алкогольдік ішімдікке бейімдігі, үлкендердің тарапынан көрсетілетін қысым, материалдық тапшылық және тағы да басқа әрекеттер әсер етеді. Ал, екіншіден – ақпарат құралдарында көрсетілетін жан түршігерлік оқиғалар, сонымен қатар балаларға әлеуметтік желі де кері әсерін тигізуде. Үшіншіден – баланың араласатын ортасы, достары. Сол үшін баланың бос уақытында немен шұғылданып, кімдермен араласатынына жіті мән берген дұрыс. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген сөзін негізге ала отырып, жастарға сеніп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, өзіміз үлгі көрсетуіміз қажет, – деді Бағила Рахманбердіқызы.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ШКІР

Сот приставтарының құқықтық мәртебесі – олардың мемлекеттік қызмет жүйесіндегі орнын, құқықтары мен міндеттерін, қызметтік өкілеттіктерін, жауапкершілігін және құқықтық кепілдіктерін айқындайтын құқықтық нормалар жиынтығы. ҚР сот приставтарының қызметі ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңы, сондай-ақ өзге де нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі. Бұл институт сот билігінің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін маңызды буындардың бірі.

СОТ ПРИСТАВЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Сот приставтары – соттардың, судьялардың және сот процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ сот актілерінің орындалуына жәрдемдесетін мемлекеттік қызметшілер. Олардың қызметі құқықтық тәртіпті нығайтуға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және сот шешімдерінің сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Сот приставтарының құқықтық мәртебесінің мазмұны бірнеше негізгі элементтерден тұрады. Олардың қатарында құқықтары, міндеттері, қызмет қағидалары, жауапкершілігі және әлеуметтік-құқықтық кепілдіктері ерекше орын алады.

Біріншіден, сот приставтарының құқықтары олардың қызметтік функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті өкілеттіктермен айқындалады. Олар заңда белгіленген тәртіппен азаматтардан, ұйымдардан және мемлекеттік органдардан қажетті ақпаратты сұратуға, сот ғимараттарында және атқарушылық іс жүргізу барысында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды қолдануға құқылы. Қажет болған жағдайда, олар құқық қорғау органдарымен бірлесіп әрекет ете алады. Сонымен қатар, сот приставтары заң талаптарына сәйкес мәжбүрлеу шараларын қолдануға қатысады, бұл олардың қызметінің тиімділігін арттырады.

Екіншіден, сот приставтарының міндеттері олардың кәсіби қызметінің негізін құрайды. Олар Конституция мен заңдарды қатаң сақтауға, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, сот актілерінің уақытылы және толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Сондай-ақ, олар қызметтік әдеп нормаларын сақтауға, бейтараптық пен объективтілікті ұстауға тиіс. Қызмет барысында алынған ақпарат-

тын құпиялылығын сақтау да олардың маңызды міндеттерінің бірі.

Үшіншіден, сот приставтарының қызметі белгілі бір қағидаларға негізделеді. Олардың ішінде заңдылық, әділдік, ашықтық, адам құқықтарын құрметтеу, кәсібилік және жауапкершілік қағидалары ерекше мәнге ие.

Төртіншіден, сот приставтарының жауапкершілігі олардың құқықтық мәртебесінің ажырамас бөлігі. Олар қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, әкімшілік құқықбұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке, ал қылмыс жасаған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау сияқты әрекеттер заңмен қатаң жазаланады.

Бесіншіден, сот приставтарына мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер беріледі. Оларға – қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік қорғау, еңбек жағдайларының қауіпсіздігі, әлеуметтік қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету және өзге де жеңілдіктер жатады. Бұл кепілдіктер олардың кәсіби қызметін тиімді әрі тәуелсіз жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда сот приставтары институтының дамуы құқықтық мемлекет қағидаларын нығайтуға бағытталған. Сот шешімдерінің орындалу деңгейін арттыру, сот процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін күшейту – осы институттың негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді.

Динара ТЕГІСБАЕВА,
Ақтөбе қаласы №2 сотының сот приставы

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ

ОРТАҚ КҮРЕС ОҢ НӘТИЖЕ БЕРЕДІ

Қазіргі цифрлық дәуірде интернет адам өмірінің қажырамас бөлігіне айналды. Онлайн сауда жасау, банк қызметтерін пайдалану, әлеуметтік желілерде байланыс орнату – мұның бәрі күнделікті өмірімізді жеңілдетті. Дегенмен, ақпараттық технологиялардың дамуы интернет кеңістігінде жасалатын құқық бұзушылықтардың көбеюіне де себеп болуда. Соның ішінде кең таралған қылмыстардың бірі – онлайн алаяқтық.

Бүгінде алаяқтар түрлі айла-тәсілдерді қолдана отырып, азаматтардың жеке деректерін немесе ақшасын заңсыз иемденуге тырысады. Олар көбіне өзін банк қызметкері, құқық қорғау органы немесе интернет-дүкен өкілі ретінде таныстырып, адамдарды алдап, сенімнен кіреді. Осындай жағдайлардың салдарынан көптеген азаматтар материалдық шығынға ұшырап отыр.

Қазақстан заңнамасына сәйкес интернет арқылы жасалған алаяқтық әрекеттері Қылмыстық кодекстің 190-бабымен («Алаяқтық») реттеледі. Соған сәйкес, бөтен мүлікті алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы иемдену қылмысы болып танылады. Мұндай құқықбұзушылық жасаған тұлғаларға айыппұл салу, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазалары қолданылуы мүмкін. Егер алаяқтық интернет арқылы жасалып, ірі мөлшерде шығын келтірсе немесе ұйымдасқан топ арқылы жүзеге асырылса, жаза одан әрі қатандатылуы мүмкін.

Қазіргі уақытта интернет алаяқтардың бірнеше кең таралған тәсілдері бар. Соның бірі – әлеуметтік желілерде жалған интернет-дүкендер ашу. Мұндай жағдайда алаяқтар арзан бағада тауар ұсынып, алдын

ала төлем жасауды талап етеді. Ақша аударылғаннан кейін олар байланысқа шықпай қояды. Тағы бір кең таралған әдіс – азаматтарға телефон арқылы хабарласып, өзін банк қызметкері ретінде таныстыру. Олар «күдікті операция анықталды» деген сылтаумен банк картасының деректерін немесе SMS арқылы келген кодты сұрайды. Нәтижесінде азаматтың шотындағы қаражат шешіп алынады. Мұндай құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін азаматтар интернеттегі қауіпсіздік ережелерін сақтауы тиіс. Ең алдымен, ешқашан бейтаныс адамдарға банк картасының нөмірін, CVV кодын немесе SMS арқылы келген құпия кодтарды айтуға болмайды. Себебі бұл мәліметтер банктік шотқа қолжеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, күмәнді сілтемелерге өтпеу де маңызды. Алаяқтар көбіне жалған сайттар жасап, азаматтардың логині мен құпия сөзін немесе банк деректерін енгізуге мәжбүрлейді. Сондықтан кез келген сайттың мекенжайын мұқият тексеру қажет.

Интернет-дүкен арқылы тауар сатып алар алдында оның сенімділігіне көз жеткізу керек. Пайдаланушылардың пікірлерін қарап, сатушының ресми байланыс нөмірі мен заңды мекенжайы бар-жоғын анықтаған



Нүргүл СМАҒҰЛОВА,
Риддер қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

жөн. Егер ұсыныс шектен тыс тиімді болып көрінсе, оған сақтықпен қараған дұрыс. Егер азамат интернет алаяқтықтың құрбаны болған жағдайда, дереу банкке хабарласып, карта операцияларын тоқтатуды сұрауы қажет. Сонымен қатар, құқық қорғау органдарына арыз жазып, болған жағдай туралы хабарлау маңызды. Бұл қылмыскерлерді анықтап, олардың жауапкершілікке тартылуына мүмкіндік береді.

Интернет алаяқтық – қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Ақпараттық технологиялар дамыған сайын мұндай қылмыстардың тәсілдері де күрделене түсуде. Сондықтан азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және интернет қауіпсіздігі ережелерін сақтау – алаяқтықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялайды.

Биылғы байқаудың талаптары:
Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, қарпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, бас-аяғы 1-5 беттен аспаған абзал.
Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкеушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.
Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойддың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкеушіні әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі. Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арыйлмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойддың кереметтігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып қана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкеушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдыретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр.

ТАРАТУ

4. «Марс Алматы» ЖШС (БСН 230340038817) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Қабдолов көшесі, 16-ғимарат, тел. +7 700 754 32 10.

7. «КЗТ-ЭЛЕКТРО» ЖШС (БСН 250940032368) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 050035, Алматы қаласы, Лазарев көшесі, 28-үй, тел. 364 50 01.

8. «ЮОйл Алматы» ЖШС (БСН 100240010014) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Есенов көшесі, 132-үй, тел. 8 701 77 88 213.

13. «Asia Med Technology» ЖШС (БСН 240740003731) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Халық кеңесі» бағы, 25-корпус, 050006, немесе +77075512314 телефоны бойынша.

14. «ТТ-Финанс «МҚҰ» ЖШС (БСН 060740006371) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне оның микроқаржы қызметі үшін 2021ж 02.03. берілген №05.21.0007.М. лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасағанын хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 56, мекенжайында қабылданады.

15. «Забота о людях» ЖШС (БСН 220840005718) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Құрманғазы көшесі, 194-үй, 5-пәтер.

16. «КазМолд» ЖШС (БСН 060240019533) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Арыс қаласы, Қ.Ибрагимов көшесі, 175-үй, индекс 160100.

17. «Кабылбек и К» ЖШС (БСН 170640022273) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Арыс қаласы, Жүсіпбек Аймауытов көшесі, 121-үй, индекс 160100.

18. «Eurospes» ЖШС (БСН 230340032560) жабылуы туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Солтүстік айналым көшесі, 68/3. Тел. 8 707 493 41 99 (Whatsapp).

20. «Дарина Фарм» ЖШС (БСН 161140017329) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Өндірістік көше, 7/2-үй, тел. +7 705 883 93 63.

21. «Прогресс 2030» ЖШС (БСН 250240001352) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Қосшы қаласы, Тайтөбе ауылы, Тоқаш Бокин көшесі, 5-үй. Тел. 8 777 939 18 58.

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Ендеше, қазақтың өз ізкеушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламының күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – Сіз бен Біз!
Құрметті байқауға қатысушылар!
Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсыналы отырған бірегей ізкеушінің бейнесі төмендегідей:
Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы:
Қайсенов Абылай Өзімханұлы.
* Жасы: 35-50 аралығында;
* Қалалық ПБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.
* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған /бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.
* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.
* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғылданған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ИМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы/.
* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.
* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де

зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді/.
* Жұмыста қатал, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.
* Үздегс берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;
* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;
* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.
* Атыс қаруын жақсы меңгерген.
* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /қармақпей/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;
* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;
* Кримналистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.
* Адал, жемқорлыққа жаңы қас.
Бұл – біз ұсынып отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай дараула, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты

шештіру, ең бастысы, ізкеушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі.

Оның мәтіні төмендегідей:
ҚОЛХАТ

Мен _____
«Зан» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурса жолдаған атты шығарманың авторлық құқық «Зан» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығармамды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымсыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапыман ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.
Аты-жөні, қолы, датасы
Қосымша сұрақтарыңыз бен шығармаңызды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз!
Байланыс телефоны: 87011220940

ӘРТҮРЛІ

5. «Сокол-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 020440002519) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қостанай қаласы, Қарбышев көшесі, 2/1 үй, мекенжайы бойынша қабылданады.

9. «Central Asia Airways» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 250940004653) өз несие берушілері мен мүдделі тұлғаларға қатысушылардың жалпы жиналысында Серіктестіктің жарғылық капиталын азайту туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Несие берушілердің қосымша кепілдіктер беру, тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтату немесе орындау және шығымдарды өтеу туралы жазбаша талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050032, ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 4В үй, У корпусы, 4-кабат, 401-кеңсе.

10. «Балқаш» несие серіктестігі» ЖШС (БСН 050340002987), 31 наурыз 2026 жылғы «Балқаш» кредиттік серіктестігінің жалпы жиналысының №1 хаттамасымен жарғылық қордың 148 744 892 (бір жүз қырық сегіз миллион жеті жүз қырық төрт мың сегіз жүз тоқсан екі) теңгеге азайғанын хабарлайды.

11. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурс өткізу туралы хабарландыру

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы **2026 жылғы 18 мамыр күні сағат 11.00-де** Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 304-кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған **конкурс** (бұдан әрі – Конкурс) өткізетіні туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан **dptiad.sko.gov.kz** алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2026 жылғы 18 сәуір сағат 18.00-ге дейін.**

5. **2026 жылғы 14 сәуір күні сағат 11.00-де** № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі **конкурс алдындағы конференцияны** «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 8(7152) 33-11-17, 33-86-95. электрондық мекенжай: **uptiad@sqa.gov.kz.**

12. Жетісу облысының МАЭС сотының 2026 жылғы 3 сәуірдегі анықтамасына сәйкес (БСН 060940015962) болатын «ИТЭК «Меридиан» ЖШС-не қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Аталған серіктестік кейіннен болатын «Алатау Трапзид КЗ» ЖШС (БСН 060940015962) болып қайта аталды. Барлық сұрақтар бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 87/89, «Алатау Трапзид КЗ» ЖШС, немесе Жетісу облысының МАЭС сотының судьясы М.М.Садүрақсанова хабарлауға кәжет. Тел.: 87282240103, 719-2463@sud.kz.

19. Standard Инвестициялық Компаниясы «АҚ Басқарушы компаниясы «Standard – еурооблигациялар» ИАПҚ (ISIN kzf00000843) пайларын сатып алуға өтінімдерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарлайды. Өтінімдерді қабылдау ИАПҚ ережесіне сай №4 қосымшаның 9.1-тармағына сәйкес, 10.04.2026 9:00 -19.04.2026 18:00 Астана қаласының уақытымен жалғасады.

22. «Batys kapital.kz» ЖШС (БСН 180140038692) өзінің кредиторлары мен мүдделі тұлғаларына жарғылық капиталдың азайтылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 090000, ҚР, БҚО, Орал қаласы, Абай даңғылы, 52/1-үй. Тел. 8 7112 53 46 00.

23. «Esil Grain KZ» ЖШС (БСН 171240000835) өзінің «AGRO TRADE EURASIA» ЖШС-не (БСН 180940006928) қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы қабылданған шешім жөнінде хабарлайды.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

Барлық талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Абдуллиндер көшесі, 56-үй, 27-кеңсе. Тел.: +7 7273552005.

24. «ТехноСервисГрупп» ЖШС (БСН 130140004408) өзінің «AGRO TRADE EURASIA» ЖШС-не (БСН 180940006928) қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы қабылданған шешім жөнінде хабарлайды. Барлық талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Абдуллиндер көшесі, 56-үй, 27-кеңсе. Тел.: +7 7273552005.

25. «AGRO TRADE EURASIA» ЖШС (БСН 180940006928) осы арқылы «Esil Grain KZ» ЖШС (БСН 171240000835) мен «ТехноСервисГрупп» ЖШС-не (БСН 130140004408) «AGRO TRADE EURASIA» ЖШС-не (БСН 180940006928) қосу жолымен қайта ұйымдастыру туралы қабылданған шешім жөнінде хабарлайды. Барлық талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Абдуллиндер көшесі, 56-үй, 27-кеңсе. Тел.: +7 7273552005.

МҰРАГЕРЛІК

2. 17.01.2026 ж. қайтыс болған Нурпейсова Бахыткуль Умирбековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус С. И.Байғазинова келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Ақмешіт шағынауданы, 26/2 үй. Тел. 8 708 440 83 17.

3. 08.10.2025 ж. қайтыс болған Абдибекова Меруерт Дайрбековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел.: 8 702 233 44 99.

6. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 20.07.1958 жылы туылған, 12 желтоқсан 2025 жылы қайтыс болған Отарбаев Джексенбай Алдановичке мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қаласы, Самал шағынауданы, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуыңызды сұрайды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page.kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency Kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.-509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-7714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖК О аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Ол өте баяу қимылдағанымен суырай сак. Өз ісін асқан шеберлікпен орындапты. Мұнысын құлды «Мона Лизаны» бейнелеген Леонардо да Винчидің еңбегіне пара-пар деп теңестіру әсте артықтық етпес. Көрген көпшілік тек таңырқап, таңдай қағумен болды. Естігендерді де елең еткізбей қоймады. Сериялық кісі өліміне ұқсас аса күрделі қылмыс. Бірақ өте жұмбақ. Полиция қызметкерлерінің болжамына сүйенсек, бұл жалғыз адамның жұмысы емес. Ал егер бұл жалғыз адамның жұмысы болар болса, әрине, ол – гений болғаны. Жоқ, ол – таңғажайып. Жоқ, мүмкін ол ібіліс болар...

Оқиға осылай басталған болатын...

Түн қарақөк реңге өзгере бастаған тұста, Желтоқсан көшесінің бойындағы саябақтан егде жастағы әйел адамның шынғырған ашы дауысы естілді дейді құлағы шалғандар. Бұл дауыс сол маңайда тұратын тұрғындардың құлағына түрпідей тиіпті. Қуәлардың айтуынша, бұл – өмір үшін күрескен жанның ақтық үні секілді. Бірақ полиция қызметкерлері бұл жерден қылмыскерге қатысты күдік тудыратын ештеңе таппады. Тіпті өлген мүрде де жоқ. Тамшыдай қан болса қайтерсің?! Сол көшенің бойындағы бейнекамералар да күдікке ілінер ештеңе байқай алмаған. Ешқандай көлік аялдамаған. Бірақ бәрінің айтуынша, дауыс саябақтан шыққаны анық. Бұл өте қызық.

Айғаққа жарайтын ештеңе табылмағасын, бұл оқиға оп-оңай ұмытылып кетті. Бірақ арада бір апта өткен соң, бұл оқиға Назарбаев көшесінің бойындағы бір саябақта қайталанғаны туралы жақын маңдағы бөлімшенің біріне шұғыл хабар келіп түсті. Тағы да сол дауыс. Тағы да тырнақтай белгісі жоқ жұмбақ жағдай. Бұл оқиға Гагарин көшесіндегі саябақта үшінші рет қайталанғанда ғана барып, нағыз тісқаққан агенттердің назарын аудара бастады.

Ішкі істер бөлімі. Қуықтай қуыс бөлімнің іші.

Қоңыр күртесіне шылымның иісі әбден сіңген мығым денелі, туфли шарға салған қанжардай ұшы мүжілген, қара шашы артка қарай қоғдай жапырылған, өзін қоңырқөзділердің ішіндегі ең сұлуы санайтын Дидар темекісін мұң сорғандай ауыр шегіп, философтарша терен ойланып, темір тақтадағы магниттермен жапсырылған қылмыстарға асықпай қарап, көз жүгірте бастады.

Оның жанында ұзын бойлы, көзілдірігін күндіз-түні тастамайтын, сабырсыз әріптесі Қанат та қақшып отыр.

– Дидар, бұл қылмыстардың ішінде қайсысы сені қызықтыра алды? Мысалы, маған анау адамдәгішін маньяқтың қылмысы жантүршігерлік болған еді. Өте жиірекші. Мұны хайуандық деуге де болады ғой. Ал хайуандарды тек аңшылар ұстайды. Бізге адамдарды ұстау керек.

– Ха-ха-ха! Қанат досым, сен білесің бе, адам деген сөздің құны қаншалықты биік екендігін? Адам ешқашан қылмыс жасамайды. Қылмысты тек хайуандар ғана жасайды.

– Расымен-ақ, – деп Қанат ескі әдегіне салып үнсіз ойланып қалды. Ара-тұра Дидардың жауабына таңданысын жасыра алмай, басын шайқап қояды.

– Шынымды айтсам, осы уақытқа дейін мені бірде-бір қылмыс қатты қызықтыра қоймапты. Барлығы дерлік орасан зор ақымақтықтарға жиі жол береді. Бұл мынау суреттегі тонау оқиғасы ше? – деп Дидар беттерін кара бетпердемен бүркемелеп, қоңыр және



Сайтандар АУЛАУШЫЛАР

кара түсті сөмкелерін арқалана жол жиегіндегі көлікке бағыт алып қашып бара жатқан төрт адамның суретін тақтадан алып, үстелдің үстіне қойды.

– Маған осы қылмыстық оқиға аздап қызық болған.

– Қане, баяндап берші. Бұл – бір жұртшылықты таңғалдырған тонау сияқты ғой өзі?! – деді Қанат.

– Таңғалдырды деймісің? Сөзіңнің жаны бар, достым. Бұл қылмыскерлер дегеніміз, кейде өздерін өнер адамдары секілді ұстайды. Өздеріне назар аударғанды сүйеді емес пе? Әлгі тонау оқиғасының маған ерекше назар аударған тұсы – олардың осы қылмысқа жауапкершілікпен қарағанында болды. Ақиқатында, аса жауапкершілікпен жасалған кез келген дүниенің нәтижесі «жақсы» деген бағаға лайықты. Олар бұл қылмысқа алты айдай дайындалған. Өсте, «жарты жыл» деген әсерлік естіледі емес пе?! Ең бірінші қылмыскерлер мақсаттарын айқындап, өздерінің тонайтын нысандарын нақтылап алады. Ол – әл-Фараби мен Сейфуллин көшесінің қиылысында орналасқан «Халық банкінің» негізгі ғимараты еді. Өте керемет әрі өте қауіпті таңдау.

– Иә, біздің қазақ «құласаң, нардан құла» деуші ме еді?! – деп сөзге мақал қыстыра қалды орындықта шалқалап отырған Қанат.

– Қылмыскерлердің құрамы төрт адамнан тұрады. Олардың бірі – ғимараттың күзетшісі. Ол жұмысқа алты ай бұрын орналасқан. Қылмыстық топтағы күзетшінің атқаратын қызметі – ғимаратқа кіру мен оңай шығуды қамтамасыз ету. Ал екінші біреуі көлікте күтіп отырады. Маған ең таңғалдырғаны көлік жүргізушінің жұмысы болды. Себебі ол әл-Фараби даңғылымен жарты жыл уақыт күнделікті жүріп, барлығын есептеген. Қай күндері кептеліс аз, қай қиылыста бағдаршам қанша уақыт жанады, келесі қиылыстағы бағдаршамның жасыл түсіне үлгеру үшін қандай жылдамдықпен жүру керек, яғни, ол барлығын есептеген. Осы дайындығының арқасында олар ешбір полиция қызметкерінің қолына түспей, қаладан емін-еркін шығып кеткен болатын. Қалған екеудің біреуі банк қызметкерлерін қорқытумен, ал екіншісі

ақшаны жымқырумен айналысты. Қаладан шыққан соң, Талғарда көлікті ауыстырып, қалаға қайтадан оралды. Бәрі мінсіз ойластырылған деуге келмейді. Себебі олар үлкен қателік жасады. Олар қаланың үлкендігінен қолға түсудің қиын екенін алға тартып, қалаға қайта оралды. Анығында, қала қаншалықты үлкен болса, олар үшін соншалықты қауіпті еді.

Мен оларға махинациялық әдісті қолдану арқылы қылмысты ашқан болатынымын. Біріншіден, мен қылмыскерлердің қалада екендігіне сенімді болдым. Ал олар қалада болса, ешқандай да жалдамалы пәтерге, қонақүйлерге жасырынбайды. Біздің ол жақты тексеретінімізді біледі. Демек, олар не таныстарының, не өздерінің үйлерінде деген сөз. Сеніңше, үйде қамалып отырған адамның іші пысуы өсте заңдылық емес пе?! Іші пысқан адамға БАҚ-тағы өздері туралы хабарлаған жаңалықтардың барлығы дерлік қызықты. Бұл – бірінші басты назарда ұстанарлық дүние. Яғни, көгілдір экран бізге өте көмекші құрал. Мен олар қаладан оңай шығып кеткенде, бағдаршам түсінің уақыттарын жақсы білгендігін бірден түсінген болатынымын. Бұл қылмысты ашуда менің пайдама жарағаны да осы болды.

– Бұл әңгімені мені қызықтырып барады. Жалғастыра бер, – деді Қанат көзілдірігін нәзік матамен сүртіп отырып.

– «Миллионер бол» бағдарламасы туралы естуің бар ма?

– Иә, әрине. Ұмытпасам, осыдан үш жыл бұрын елімізде өте танымал, рейтингі ең жоғары болған болатын. Сұрақты үш жауап және төртіншіге «өз жауабыңыз» деген нұсқасын ұсына отырып экранға шығарады. Қонырау шалғандардың ішінен жеңімпазды анықтайды.

– Дұрыс айтасың, Қанат. Біз бұл бағдарламаның финалдық сұрағына әл-Фараби мен Достық көшелерінің қиылысындағы бағдаршамның жасыл түсінің бір жану мөлшерінің қанша уақыт екенін сұрақ етіп шығардық. Сондай-ақ жапондық жазушы Цугуми Обаның бір әңгімесінде қылмыскерді қолға түсіру үшін қолданған тәсілін пайдаландым. Бағдарламаны телевиде-

ниеге тек Алматы қаласына ғана көрсетуін сұрадым. Бұл әдіс күдіктілердің аймағын нақтылауға көмектеседі. Сосын әуелгі үш жауапқа қате нұсқалар ұсындық. Өз жауабын ұсынғандардың ішінде төрт-ақ адам дұрыс жауап берді. Ол төрттіктің ішінде біздің тонаушыларымыз да бар болатын. Осылайша, олардың керемет қолықтары өз-өздерін ұстап берді десек те болады.

– Керемет жұмыс! – деп қолын шапалақтады Қанат.

– Қазақ атам: «Өзіне сор емес пе қызылдығы түлкінің?» дейді, – деп күлді Дидар.

Сайтандар кез келген жерде бар

– Ал, аса мықты детектив, айлакер агент Дидар Холмс мырза! Менде бір жаңа іс бар. Бұл сізді қызықтыруы керек. Немесе жай сандырақ болар. Жұрттың айтуына сенсек, қалада сайтандар деседі, – деп таңырқаған кейіпте Қанат жымиды.

– Таңдай қағатын дүние емес, сайтандар кез келген жерде бар.

– Бұл расымен де қызықты. Өткен аптада қаланың әр нүктесіндегі саябақтардан жанұшыра айқай салған әйел адамның дауысы естілген. Бұл тұрғындардың заресін алған болатын. Бірақ дауыс шыққан жерде ештеңе жоқ. Жәбірленуші де, қылмыскер де жоқ. Белгі атаулыдан күдікті түк те жоқ. Бұл сайтандар емей, немене?!

– Оқиға қай саябақтарда болған?

– Желтоқсан, Назарбаев, Гагарин көшелерінің бойында.

– Қанат, бізге ол жерлерді көзбен көрген артықтық етпейді...

Оқиға орнында

Күн қақ төбеден ауа бастаған шақта олар оқиға орнына келді. Асықпай мұқият қарап шыққан Дидар күдікке ілінетін ештеңені байқай алмады. Саябақтардың үшеуін де толығымен аралап шықты. Бұл – жұртшылықтың сандырағы болар деген күдік те санадан кетер емес.

Ымырт түн... Дидар төсегінде дөң-

бекшіп, әзер көз ілді. Көз ілгені сол-ақ еді, ол өте бір ашы дауыстан шошынып ояныды. Бұл дауыс пәтерінің ашық тұрған терезесінен естіліп жатыр екен. Нақты дауыстың шығу нүктесі үйіне қарсы беттегі саябақтан секілді. Ол далаға жүгіріп шықты. Байқауынша, оқиға орнына сол маңайдағы тұрғындар жиналып қалса керек. Әлгі азапты дауыс сап болыпты.

Жер астынан шыққан дауыс

Әдеттегідей саябақта күдікті ештеңе жоқ. Бұл оқиғалардың жиілеуі ел-жұрттың мазасын қашыра бастады. Ду-ду еткен халықтың күбірі: «Қалада елес жүр, айттым ғой, сайтандар бар, ібілістің ісі ғой бұл», – деген дауыстар адамға үрей бере түседі. Осы бір оқыс оқиғаның негізінде Дидардың «Бұл халықтың сандырағы ғой» деген күндізгі болжамы түбегейлі жокқа шығарылды. Бұл дегеніміз – Дидарға дәл осы қылмыспен білек түріп айналысуға толықтай негіз бар деген сөз.

Таңертенгісін Дидар үйінің жанындағы саябақты мұқият қарап шықты. Содан соң ол дауыстың ең алғаш шыққан жері, яғни Желтоқсан көшесіндегі саябаққа келді. Жанына Қанат та ере келген.

– Неліктен ешқандай айғағы жоқ саябақты қайта-қайта қарай береміз, Дидар? – деген Қанат аздап ашулы үн қатты. – Бізге бұдан да басқа пайдалырақ дүниелермен айналысу керек. Ашылмаған құпиясы бар қаншама қылмыс жатыр.

– Қанат, сен қателессең, – деді Дидар.

– Түсінбедім, Дидар Холмс мырза! Анығырақ айта аласың ба?

– Әрине, достым. Не үшін айғақ жоқ дейсің? Айғақ бар. Мен оны жаңа ғана таптым.

– Ол қандай айғақ?

– Қанат мырза, осы салада қызметте жүргеніңе қанша жыл болды?

– Он екі жыл.

– Он екі жылдан бері өлген адамның мәйітінің иісін тани алмасаң, қалай ғана агент болып жүрсің? Қызық, – деп Дидар басын шайқады. – Қанат, достым. Бұл саябақтан мәйіттің иісін байқадым. Өткен жолы аса аңғара қоймаған едім. Ол ендігі иістен бастады. Демек, ешқандай да сайтандар жоқ. Бұл – адамның ісі. Саябақта қылмыс бар деген сөз ғой. Ал енді айтшы, Қанат, адамның дәл алдында көрінбеген дүниелер қай жерде орын алып жатуы мүмкін?

– Оның назарынан тыс жерде.

– Әрине, дұрыс айтасың. Бұл жерде біздің назарымыздан тыс қалып тұрған дүние – аспан мен жер асты ғой. Сен мұқияттап ағаштардың басын қарап шық. Ал мен болсам, жерді тіптіп көрейін.

– Жарайды, келістік.

– Қанааат! Достым! Мен бірдене тапқан сияқтымын.

– Қане, не таптың?

– Бізге мына канализациялық арналарды ашып қарау керек. Бұл жердегі барлық арналардың қақпақтарын ашып қарайық.

Дидар қалыңдығы саусақпен өлшегенде екі елідей темір қақпақты ашып қарады. Сасық иіс бірден қолғаға ұрады. Ол басын тығып қарады да:

– Охооо, достым. Мұнда не жатқанын қара, – деді.

– Қап, сайтандар алғыр! Бұл кім тағы? – деп Қанат бетін басып, лоқсы бастады.

Арнаның ішінде егде жастағы әйелдің мәйіті жатыр екен. Қол-аяғы байланған, денесінің сау-тамтығы қалмаған. Тіпті зорланғаны да анық байқалып тұр.

– Қанат, дереу бөлімшедегілерге хабарла. Осы оқиғаға қатысы болған саябақтардың, жок, Алматыдағы барлық саябақтардың канализациялық арналарын қарап шықсын.

– Мақұл, Дидар Холмс мырза!

Шархан МҰХАММЕД-ҚАНАПИЯ
(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6405 дана
Апталық таралым 12810 дана

Тапсырыс №950 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31